

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫ

«Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының жинағы

25.05.2023 ж.

Proceedings of the international scientific and practical conference “Research problems of the Turkic runic monuments”

25.05.2023

Сборник материалов международной научно-практической конференции «Проблемы исследования тюркских рунических памятников»

25.05.2023 г.

Астана, 2023

ӘОЖ (УДК) 930

КБЖ (ББК) 63.2

Т 90

Редакция алқасы:

Төраға – Е.Б. Сыдықов, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор

Жауапты редактор – Н.Г. Шаймердинова, филология ғылымдарының докторы,
профессор, Түркітану кафедрасы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Ғылыми редактор – Ж.Қ. Айдарбекова, PhD, Түркітану кафедрасы доценті м.а.,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Техникалық редактор – Н. Милованова, Түркітану мамандығының докторанты,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

**Т 90 «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференциясының материалдары (25 мамыр 2023 жыл).** – Астана: Л.Н.
Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 376 б.

ISBN 978-601-337-878-7

Жинаққа «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференцияның материалдары енгізілген. Конференцияға Ресей Федерациясы,
Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Қазақстан ғалымдары қатысты.

Жинақта ежелгі және қазіргі түркі халықтарының мәдени және жазба ескерткіштерінің
зерттелуі, түркі жазба ескерткіштерінің тілі және диалектілері, түркі халықтарының мәдениеті
мен тарихы, жалпы түркітанудың өзекті мәселелері қамтылған.

ISBN 978-601-337-878-7

ӘОЖ (УДК) 930
КБЖ (ББК) 63.2

©Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2023

7. Тонықұқ. Бітіктасы мәтіннің аудармалары: әзербайжанша, қазақша, қырғызша, түркше, тываша, моңғолша, мажарша, немісше, орысша, ағылшынша, французша, қытайша / Жаупаты ред. Кыдырали, Базылхан. Нұр- Сұлтан: Халықаралық Түркі академиясы; «Ғылым» баспасы, 2020. – 125-34 б.

8. Цэвээндорж Д., Кыдырали Д., Энхтөр А., Напил Б., Далантай С., Богенбаев Н., Буянхишиг Ц. Монгол улс-Олон улсын Түрэг академийнхамтарсан «Номгон» төслийн 2019 оны хээрийн шинжилгээний ажлын тайлан. Улаанбаатар, 2019. – 45-51 бб.

9. Шивээт улаан көне түрік ғұрыптық кешені. Археологиялық зерттеудін фотоальбомы. Астана: «Ғылым» баспасы, 2018. – 272 б.

10. Энхбат Г., Анхсанаа Г., Даваацэрэн Б. Монгол нутаг дахь түүх, соёлын үл хөдлөх дурсгал // Historical and Cultural Immovable Properties in Mongolia. VIII дэвтэр. Архангай аймаг. Улаанбаатар: «Edition», Соёлын өвийн төв, 2012. – 40-41 б.

11. Энхбат Г., Анхсанаа Г., Даваацэрэн Б. Монгол нутаг дахь түүх, соёлын үл хөдлөх дурсгал. Historical and Cultural Immovable Properties in Mongolia. X дэвтэр. Архангай аймаг. Улаанбаатар. Соёлын өвийн төв, 2013. – 86 б.

12. Энхтөр А. Номгоны хөндий дэх эртний түрэгийн онгон цогцолборууд. Улаанбаатар. Археологийн хүрээлэнгийн гар бичмэлийн сан хөмрөг. 2001. – 25х.

13. Bayar D. Moğolstanda Eski türklere ait yeni arkeolojik buluntular // Uluslararsı Türkçe Edebiyat Kültür Eğiti Dergisi Sayı. 2012. – P. 6-25.

14. Kültegin. Бітіктасы мәтіннің аудармалары: әзербайжан, қазақ, қырғыз, түрк, татар, тыва, моңғол, мажар, неміс, орыс, ағылшын, француз, корей, қытай тілдерінде / Жаупаты ред. Кыдырали, Базылхан. Нұр-Сұлтан: Халықаралық Түркі академиясы; «Ғылым» баспасы, 2022. – 368 б.

15. Jisl L. Vyzkum Külteginova pamatniku v Mongolske" (Monument Kultegin of the Mongolian). In Lidove Republice. In Journal of Archaeologicke Rozhledy 1960. – 12-1, pp.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДА ЖАЗУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Молдабай Т.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

talgatmoldabay@mail.ru

Аннотация. Негізі түркі тегінен болған дала көшпелілері әртүрлі мемлекет жүйелердің саяси, тарихи және мәдени өсуінде маңызды рөл атқарды. Мәдениеттің дамуын оның жазу жүйесі арқылы жақсы көрсетуге болады. Дала көшпенділерінің ұрпақтары бұл мәдени құбылысты қаншалықты қабылдап, оның алға жылжуына үлес қосқанын бағалау мақсатында сараптама жүргізілді.

Демек, түркі халықтары арасында жазба мәдениеттің өркендеуі, оның әр алуан кезеңдері, географиялық таралуы, іс жүзінде қолданылуының маңызы зор. Біз өз зерттеуімізде түркі жазу мәдениетінің әртүрлі даму кезеңдеріне тоқталдық. Жазба үлгілерінің шығу тарихы мен мақсатын қысқаша баяндап, түрлі жазба жәдігерлер арқылы нақты мысалдармен суреттедік. Жазу үлгілерін талдап, жазу тарихына, оның қаһарына, жазу жүйесінің тілдегі рөліне өз көзқарастарын білдірген зерттеушілердің еңбектеріне баса назар аудардық. Сондықтан біз түркілер қолданатын жазу жүйелерін хронологиялық ретпен реттеп, осы жазу жүйелерінің арасындағы мәдениетаралық бірлестіктерді ашуға тырыстық.

Кілт сөздер: жазу, мәдениет, бітіг, әліпби, жазу тарихы, түркі халықтары, дала көшпелілері, көне ұйғыр жазуы.

Abstract. The steppe nomads, who are primarily of Turkic descent, played a significant role in the political, historical, and cultural growth of various systems. The advancement of a culture can be best demonstrated through its writing system. An examination was conducted to evaluate the extent to which the descendants of steppe nomads embraced this cultural phenomenon and contributed to its progress. Hence, the growth of written culture among the Turkic people, including its various phases, geographical dissemination, and practical use, holds significant importance. In our study, we concentrated on the different stages of development of the Turkic writing culture. We provided a concise history of the written forms used their origin and intended purposes, and illustrated them with specific examples through various written artifacts. Our emphasis was on the works of researches who analyzed writing patterns, presented their perspectives on the history of writing, its rage, and the role of the writing system in language. Therefore, we attempted to arrange the writing systems employed by the Turks in chronological order and uncover the cross-culture associations among these writing systems.

Keywords: writing, culture, Bitig, alphabet, history of writing, Turkic peoples, steppe nomads, ancient Uyghur writing.

Грек әліпбиінің алғашқы екі әліпбиі «алеф» пен «бета» таңбалары негізінде қалыптасқан алфавит (әліпби) көптеген жылдар бойы өзінің тарихи дамуы нәтижесінде қазіргі алфавитті жазу мағынасында бір таңба бір дыбысты білдіретін жазу жүйесі ретінде орнықты. Жазу мәдениетінің бастауы саналатын суретті жазу (пиктография) адамзат өркениетінің жаңа белесі саналады. Адамдар осы суретті жазуды дамыту арқылы жазу мәдениетінің тағы бір кезеңі болып табылатын идеографиялық жазу кезеңіне өтеді. Осы кезеңге тиесілі екі өзен аралығында (Мезопотамия) қалыптасқан Мысыр, Крит және Хетт мәдениеттерінің жазу үлгілері негізінде адамзат баласының жазу тарихындағы даму кезеңдерінің барлығын қамтыған комплексті жазу үлгілері еді. Кей ғалымдардың пікірінше бұл жазу түрлері суретті жазу (пиктография), ой жазуы

(идеография) және жазу мәдениетінің жаңа кезеңіне тиесілі фонологиялық жазу түрінің қарабайыр буындық жазу элементтерін де бойына сіңірген еді [1:15].

Фонетикалық жазудың алғашқы үлгісі ретінде танылған сына жазу Шумерлер, Аккаттар, Вавилондар, Ассириялықтар, Хеттер, Эламдар, Митанниялықтар, Урартулар мен парсылар тарапынан қолданылды. Сына жазуда іс-қыймылды білдіретін символдар, идеограммалар, фонетикалық таңбалар мен детерминативтер болды. Б.з.д. VII-VI ғасырларда Арамей тілінің осы аймақта үстемдікке ие болуы және арамей жазуының қалыптасуы сына жазуды ығыстыра бастады [2].

Антикалық дәуірдің ең маңызды жазу жүйелерінің бірі Мысыр иероглифті жазуы (иероглиф - қасиетті жазу) б.з.д. 4000 – 400 жылдары арасында қолданылды. Бұл жазу жүйесі жазылу ерекшелігіне қарай иератикалық және демотикалық деп аталды. Иератикалық түрі негізінен арнайы білім алған жазушының қолымен жазылған жазба түрі деп тануымызға болады. Ал демотикалық деп жазу таңбаларының халыққа икемделіп күнделікті тұрмыста қолдану үшін бейімделген түрі (дэмос – көне грек тілінде халық). Бұл жазудың кілтін тапқан француз шығыстанушысы, лингвист Жан-Франсуа Шампольон еді. Ол 1822 жылы Розетта тасындағы 14 жол иероглифті оқу арқылы әлемге танылды.

Үндістанның Индус аңғарында б.з.д. 2500 жылдары Брахми жазуының шығуына негіз болған идеографиялық, сына және буындық жазу таңбалары негізді бір жазу түрін қолданғандығы айтылады [3:73].

Алфавитті жазулар қатарына кірмейтін тағы бір жазу түрі Қытай жазуы. Қытай жазуының ең көне нұсқалары б.з.д. ХҮІІІ-ХІІ ғасырларға тиесілі. Бұл жазудың көне нұсқаларындағы идеограммалық таңбалары қазіргі логограммалық таңбаларға айналғандығын көруге болады [4:112].

Алфавитті емес жазу нұсқалары кейін өз орындарын алфавитті жазу нұсқаларына беріп ығысқандығын байқауға болады. Алфавитті жазудың ең көне нұсқалары б.з.д. 1700-1330 жылдарда Мезопотамия аймағында табылды. Осылайша жазудың шығуына, дамуына қатысты алғашқы зерттеулер мен теориялар жасала бастады. Жазудың алғашқы үлгілері мен соңғы үлгілері арасында байланыс орнату арқылы сабақтастық пен жалғастық құрылуға тырысылды. Протосина жазуынан Мысыр иероглифті жазуы, Мысыр иероглифті жазуынан Солтүстік Сами жазуы шықты деп есептелінді. Протосами жазуы Оңтүстік және солтүстік Сами жазуы деп екі үлкен топқа бөлінді. Оңтүстік Сами (Арамей) жазуынан: Ибрани (еврей), пальмиралық, несториандық, манихей, брахми, харошти, соғды, армян, грузин және тибет жазулары тарады. Ал Солтүстік Сами (Финикия) жазуынан: көне ливия, иберия, грек, славян, этруск, ликия, фригия, лидия, араб және латын жазулары тарады [5:61]. Дегенмен әлі күнге дейін шығу тегі нақтыланбаған Үнді жазуы, түрік бітіг жазуы сияқты зерттелуді қажет ететін жазу жүйелері бар⁴.

⁴ This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. Grant No. AP 14972685 The beginnings of the Kazakh writing culture (from pictogram to alphabetic writing)

Зерттеу әдістері мен дереккөздері

Біз өз зерттеуімізде белгіленген мақсатқа жету үшін жалпы ғылыми әдістер жалпыдан жекеге, жекеден жалпыға жүйелеу және жіктеу (классификациялау), тарихи талдау әдістерін қолдандық. Зерттеуіміздің негізгі нысаны жазу мәдениетінің негізгі нысаны жазу түрлерін тарихи дереккөздер мен материалдарға нақты сілтемелер беру арқылы тарихи деректанымдық тұрғыда талдау жасадық. Жазба деректерді хронологиялық негізде іріктеп, ондағы жазу түрлеріне тарихи-салыстырмалы талдау жасадық.

Көне түрік дәуірінде қолданылған жазу түрлері

Дала көшпелілерінде жазу мәдениеті сонау сақ, ғұн кезеңінен бастау алса да түрік текті халықтардың жазу мәдениеті бітіг жазуымен басталатындығында талас жоқ. Алғашында көне скандинавия халықарының жазуына ұқсас болғандықтан сырлы жазу мағынасындағы «руна» атауымен Сібір рунасы, Енисей рунасы, Руна жазуы кейін түркі рунасы деген атаулар берілді. Жазба ескерткіштерде қолданылған жазу атауының «бітіг» екендігі анықталған соң «түрік бітіг жазуы» деген атаумен атала бастады [6].

Көне түрік бітіг жазуының шығу тегі жайында біраз зерттеулер жасалғандығына қарамастан әлі күнге дейін нақтыланбай келеді. Есік қорғанынан табылған күміс тостағандағы жазудан (б.з.д. IV-V ғасыр) бастау алатын түрік бітіг жазуының сала ғалымдары тарапынан нақты бір оқу жүйесі анықталмағандықтан прототүрік жазуы ретінде жеке қарастырылып, классикалық түрік бітіг жазуының қолданылу кезеңін хронологиялық тұрғыда шамамен 687-692 жылдары жазылған Чойр жазуынан бастап VII-X ғасырлар арасы деп көрсетіліп келеді. Сол себепті де көне түрік бітіг жазулы ескерткіштерді «бітіг іспетті» (руноподобное письмо) және «түрік бітіг» (тюркская руника) деп екі топқа бөліп қарастырылуда.

Көне түрік бітіг жазуы Түрік қағанатының бесігі саналған Орхон аймағында ғана емес, еуразия құрлығының үлкен бір бөлігінде таралғанын зерттеулер арқылы ғалымдар анықтап берді. Моңғолияның шығысы, Оңтүстік Сібір, Шығыс Түркістан (ҚХР), Орталық Азия, Таулы Алтай, Шығыс Еуропа және Ферғана аймақтарын қамтиды [7].

Көне түрік бітіг жазуының шығу тегі қақындағы алғашқы көзқарас Фин ғалымы Хейкелге тиесілі және ол бұл жазудың Скандинавия руникасы деп аталатын жазудан шығуы мүмкін деген пікір білдірген. Otto Donner, Heinrich Julius von Klaproth, Алтай Аманжолов сияқты ғалымдар көне түрік бітіг жазуының Семит жазуларының көне түрлерінің бірінен шығуы мүмкін деген пікір білдірген еді. Көне түрік бітіг жазуының кілтін тапқан Вилгельм Томсон мен В. Радлов көне түрік бітіг жазуының Арамей мен Соғды жазуларынан бастау

алуы мүмкін деген пікірді ұстанады. Орыс ғалымдары Аристов пен Мелицкий алғаш болып көне түрік бітіг жазуының түріктердің қолданып жүрген таңбаларынан бастау алуы мүмкін деген пікір білдіреді. Бұл пікірді кейіннен түрік ғалымдары Ахмет Жафароғлы мен Хусейін Намык Орхун сияқты ғалымдар қолдайды. Кейіннен Поливанов Е.Д., Лившиц В.А. сияқты ғалымдар көне түрік бітіг жазуының Арамей және соғды жазуынан әсерленіп өздерінің таңбалары негізінде жасаған болуы мүмкін деген ойларын ортаға салады. Прицак О., Рона Таш А. сияқты ғалымдар көне түрік бітіг жазуының буындық жазу екендігін алға тартады.

Дегенмен де көне түрік бітіг жазуының қайдан шыққандығына қарамастан ең басты мәселенің бұл жазудың көне түрік тілімен астасып, үндесіп жатқандығында деп ойлаймын. Себебі, бұл жазу көне түрік тілінің үндесім заңдылығын бойына нақты сіңіру арқылы үндесім заңдылығына негізделген дауыссыз дыбыстардың болуын атап өтуімізге болады. Бұндай дауыссыз дыбыстардың үндесім заңдылығына негізделіп түрленуі басқа жазу түрлерінде кездеспейді. Дауысты дыбыстардың да осы үндесім заңдылығы аясында өзіне тән қатаң жазылу ережелерінің (орфография) болуын да айырықша айтуымызға болады. Езулік және еріндік дауыстылардың өзіне тән жазылу ережелерін айтуымыз керек. Көне түрік бітіг жазуының алфавиттік жазу элементтерімен қатар логографиялық, буындық жазулардың да элементтерін қамтиды [8].

Көне түрік бітіг жазуының қатты денеге сызып жазуға арналған тік және көлденең сызықтардан құралған таңбалар жүйесіне ие, 38 әріп таңбасынан құралған жазу. Осы әріп таңбаларының 4-і дауысты дыбыстарды таңбалайды, 31-і дауыссыз дыбыстарды таңбалайды. 3-таңба қосарланған дауыссыз дыбыстарды, 4-еуі бундық дыбыстарды білдіретін лигатуралар. 20 дауыссыз дыбыс таңбалары үндесім заңдылығына негізделген жаун және жіңішке дауыстылармен үндесуіне байланысты бір дыбыс екі таңбамен берілген, 7 дауыссыз дыбыс ешқандай үндесім заңдылығынсыз жазылатын дауыссыздар [9]. Түрік қағандығы құлағаннан кейін оның орнына саяси аренаға шыққан Ұйғыр қағандығы алғашында түрік бітіг жазуын, кейіннен манихей және ұйғыржазуын қолдана бастады. Осылайша түрік бітіг жазуы тарих сахнасынан біртіндеп шығып, ұмытылды. Көне заманда жазудың шығуына негізгі себеп болатын факторлардың ең бастыларының бірі сауда саттық жасауда тіркеу және бағалау мәселесінде қолдану, орталықтанған мемлекеттік жүйе қалыптаса бастаса салықтарды тіркеу мәселесі бойынша және діни миссия жүргізу мақсатында қолданған. Ұйғыр қағанаты құрылғаннан кейін билік бір орынғатұрақтар қала мәдениетін қалыптастыра бастады. Қолөнер мен сауда саттықты дамытты. Сауда саттықтың Ұйғыр қағанатындағы экономикалық маңызы артып (негізгі кіріс көзі болуына байланысты), осы саланың дамуына көп көңіл бөлінді.

Орталық Азиядағы сауда жолдарында ықпалы жоғары соғдылардың Ұйғыр қағанатындағы рөлі артты. Сонымен қатар соғдылар манихей дінінің таралуында маңызды рөл ойнады. Көптеген манихей діні миссионерлері Ұйғыр қағанатына кеп дін тарата бастады. Көптеген ұйғыр ақсүйектері манихей дініне өтіп, осы дінді стана бастады. 692 жылы таққа отырған Бөгү қаған Манихей дінін қағанаттың ресми діні ретінде қабылдағанын білеміз. Кейіннен осы дінге қатысты көптеген діни мәтіндер манихей жазуын қолдану арқылы түрік тілінде жазыла бастады. Бұл қалалық халық арасында кең қолдау тауып, кейіннен билік тарапынан жүйелі жазу қалыптастыру үшін ғалымдармен бірлесіп отырып «Ұйғыр жазуын» қолданысқа енгізді [10]. Осы кезеңдерде қолданылған Манихей жазуымен жазылған мәтіндерде жазу таңбаларының үстіне қосымша белгілердің қойылуы ерекше назар аударуға тұра келеді. Демек бұл қосымша белгілер сол әріптің ұйғырларға тән дыбысталуын білдірсе керек. Бұл манихей жазуының ұйғыр жазуы ретінде бейімелу кезеңінің бір ерекшелігі болса керек.

Соғды жазуы Жібек жолы бойындағы соғды саудагерлердің ықпалымен Түрік қағанатының құрылу кезеңінен бастап қолданылып келді. Оны Мұқан қағанға арнап тұрғызылған Бұғыты мәтіндасындағы соғды жазуынан, Ұйғыр қағанаты дәуірінде жазылған Қарабаласағұн мәтінтасындағы (IX ғ.) қытай, соғды және ұйғыр жазуымен жазылған мәтіннен, Оңтүстік Гоби аймағынан табылған Севрей жазуының бір бетінің соғды жазуымен жазылғандығынан байқауға болады. Көне түрік әдебиеті тұрғысынан ең бай мәтіндер осы ұйғыр жазуымен жазылғандығын білуіміз керек. Ұйғыр жазуының нақты қашан қолданыла бастағандығы жөнінде А. фон Габен 750-827 жылдар деп көрсетсе, түрік ғалымы С.Шағатай нақты бір уақыт айту қиын бірақ VIII ғасырдың алғашқы жартысынан бастап IX ғасырдың ортасы деп көрсетсе, С.Г.Клоусон ұйғыр жазуының VIII ғасырдан бұрын қолданылды деген пікір білдірген [11:146]. Осы пікірлер шеңберінде және кейіннен табылған ұйғыр жазулы мәтіндерді ескере келе көне ұйғыр жазуының VIII ғасырдың басынан бастап ХVIII ғасырлар аралығында оңтүстік Сібірде, Енисей өзені бойында, Моңғолияда, Шығыс Түркістанда (ҚХР), Еділ өзені алабында, Транскавказияда, Азербайжанда, Грузияда және Осман империясының территориясына кірген аймақтарда қолданылды деп сеніммен айта аламыз. Соғды жазуы негізінде ұлттық фонологиялық ерекшелікке негізделіп бейімделген ұйғыр жазуы орта ғасыр түрік мәдениетіне қосқан үлесі өте зор. Ұйғыр мемлекеті құлағаннан кейін құрылған Найман мемлекеті, Қарақытай мемлекеті, Моңғол империясы осы жазуды ресми жазулары ретінде қолданды. Манжу, қалмақ, бурят алфавиттерінің негізі сол кездегі дін таратушылар тарапынан осы ұйғыр жазуы негізінде жасағандығын байқауға болады. Ұйғыр әліпбиі оңнан солға қарай жазылатын 18 әріп таңбасынан түзілген. Ол таңбалардың үшеуі дауысты дыбыстарды таңбалайды,

қалған 15 таңба дауыссыздарды таңбалайды. Әріп таңбаларының жазылуы сөздің басында, ортасында және соңында түрлі қолданылады.

Брахми жазуының Сами жазуының Арамей нұсқалу жазу түрлерінің бірінен бастау алатындығы және Финики жазу таңбаларымен аздаған ұқсастықтарының бар екендігі жөнінде пікірлер бар. Соңғы кездерде осы салада зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдардың брахми жазуының дравит мәдениеті негізді (жергілікті үнді мәдениеті) және үнді дін адамдардың суреттер негізінде ойлап тапқандығы жөнінде пікірлер басымдыққа ие болып келеді [12]. Бұл жазу б.з.б. VIII ғасырдан бастау алып VII ғасырға дейін қолданыста болған. Б.з. III-IV ғасырынан бастап діни тарату мақсатында қолданылуына байланысты Брахми жазуы деп аталады. Ұйғыр қағанаты тұсында түріктер бұл жазумен танысып, негізінен Будизм дініне қатысты жазбаларда қолданылды. Түріктердің бұл жазу түрін қолданылуын А. фон Габен X ғасырда деп көрсетсе, Г. Клоусон бұл жазудың түркілердің ондан да ерте шамамен VI ғасырдан бастау алады деген пікір айтқан. I Түрік қағанаты дәуірінде тұрғызылған Бұғыты ескерткішінің бір бетінде осы брахми жазуымен жазылғандығын ескерсек Г. Клоусонның пікірімен келісуге болады. Солдан оңға қарай жазылатын бұл жазу негізінен буындық жазу ретінде танылған. Ұйғыр қағанаты дәуірінде түріктер бұл жазуды өздеріне бейімдеп негізгі 28 әріп таңбаларына өздері 7 әріп таңбасын қосқандығын сол кезеңдегі жазылған мәтіндерден көруге болады. Қазіргі таңба сол кезеңге тиесілі брахми жазуымен жазылған жүзден астам мәтін кездеседі.

Тибет жазуының түркі текті халықтар арасында таралуы Будизм дінінің таралуымен қатар Тибеттіктердің Шығыс Түркістанды жаулап алуға деген талпынысы негізінде туған саяси себептердің де рөлі басым екендігін білуіміз керек. VIII-IX ғасырларда Ұйғырлар мен Тибеттіктер Гансу аймағында көршілес өмір сүре бастады. Осы кезеңде Будизм діні Гансу аймағындағы түркілер арасында кең тарала бастады. Бұл тибет жазуының да таралуына себеп болды. Дегенмен тибет жазуының түріктер арасындағы қолданыс аясы осы Гансу аймағымен ғана шектелгенін көруге болады. Тибет жазуы буындық және алфавиттік жазу таңбаларды қамтыған оңнан солға қарай жазылатын жазу түрі. 30 таңба дауыссыздарды, 5 таңба дауыстыларды, төрт таңба қосымша рөл атқаратын таңбалар ретінде қолданылаты. Дунхуан аймағы Мың Будда үңгірінен табылған жазбалар арасында осы тибет жазуымен жазылған мәтіндер аз да болса кездеседі. Тибет жазулы мәтіндер қазір Парижде Ұлттық Кітапханада (Bibliothèque National) сақтаулы [13].

Заманымыздың II ғасырында түркі текті халықтар арасында христиан діні таратуды бастаған миссионерлер VII ғасырда өз мақсаттарына жетіп христиан дінінің Сириялық бағытынан тараған Несториян мазхабы түркі текті халықар арасында қолдау тапты. Несториян дініне байланысты мәтіндер осы кезеңде

ұйғыр тіліне аударыла бастады. Қытайдағы Турфан аймағында Несториян шіркеуінде Эстрангело (Сирия жазуының көне түрлерінен бірі) жазуымен жазылған мәтіндер табылған. Түрік тілінің фонологиялық ерекшелігіне байланысты кейбір әріп таңбаларына қосымша белгілер қою арқылы түрік тіліне бейімделгендігі байқалады.

Жаңа дәуірде түркілер тарапынан қолданылған жазу жүйелері (XV ғасырдан кейін)

Грек әліпбиін христиан дінінің ортодокс мәзхабын ұстанған Қараман оғыздары тарапынан қолданылғанын білеміз. Қараман оғыздары осы жазумен көптеген әдеби шығармаларын, діни жазбаларын және осы жазуды үйретуге байланысты оқулықтар да жазып қалдырған. Грек жазуы Кіші Азиялық Сами жазуының солтүстік Сами нұсқаларынан бастау алады. Яғни Фенике жазуынан шыққан деуге толық негіз бар. Грек жазуы түрік тілінің фонологиясын толық қамти алмағандықтан кейір жазу таңбаларына диакритикалық белгілер қосу арқылы орнын толтыруға тырысқандығын байқаймыз.

Түркілер Эмеви халифаты (Омейяд халифаты) кезеңінен бастап араб әлемімен тығыз қарым қатынасқа түсе бастады. Бұл байланыс Аббаситтер дәуірінде әскери қабілеті жоғары түркілерді жалдамалы әскер ретінде көптеп жұмысқа тартуы арқылы дами түсті. Кейін Саманиттер кезеңінде Мауренахрдың толықтай ислам діні орныққан аймақ ретінде танылғанын білеміз. Бұл байланыс түркілер арасында сол кезеңде ұйғыр жазуымен қатар араб жазуының да қолданыла бастауына жол ашты.

Араб жазуы Сирия жазуының Эстрангело жазуынан бастау алады деген пікірлермен қатар Семит жазуының Небати дөңгелекті жазуы түрінен шыққан деген ұстанымдағы пікірлерде бар. Бұл кезеңде араб жазуы көптеген халықтар тарапынан қолданылатын кең таралған жазу түріне жататын еді. Араб жазуын түркі текті халықтар түрлі кезеңде өз тілінің фонологиялық ерекшелігіне байланысты жаңа таңбалар қосу арқылы бейімдеп қолданғанын байқаймыз. Осылайша араб жазуын түркілер түрлі кезеңдерде қабылдап кейбірі әлі күнге дейін пайдаланып келеді (қытай қазақтары, ирандағы азериелер, шығыс түркістандағы ұйғырлар). Дауыссыз дыбыстарға негізделген араб жазуын түркілер дауысты дыбыс таңбаларын қосу арқылы дамытып көптеген ғасырлар бойы қолданып келді. Осы аралықта бұл жазудың түрік фонологиясына жеткіліксіздігі туралы әңгіме атылмаған да екен. Әсіресе қазақ тарихында бұл жазудың қазақ жазу мәдениетіндегі орны ерекше. Шағатай жазуы, көте жазу деген сияқты түрлі тааулар арқылы аздаған жазу таңбаларының өзгертілуі негізінде қолданылған бұл жазуда күні кешеге дейінгі дала соттары мен жазушыларымыздың әдеби еңбектері жазылып келді.

XIX ғасырдың орталарынан бастап түркі текті ғалымдар, ағартушылар тарапынан араб жазуының түрік тілінің фонологиясын толық қамти алмауы, жазудың түрлі аймақтарда әртүрлі үйретілуі негізді айырмашылықтардың болуы, халық арасында кең таралмауы және үйренуінің қиындығы сияқты мәселелер негізінде бұл жазуды басқа жазуға алмастыру бойынша түрлі тәжірибелер жүргізілгендігін байқауға болады. Бұл жазудың орнына түркі текті халықтардың латын, кирилл жазуларын қолдануға талпыныстары күшейді. Араб жазуын тілдік ерекшелікке негіздер қайта жүйелеу арқылы жазу дәстүрін жалғастыру ұстанымында Ахмет Байтұрсыновтың, басқа жазу жүйесіне көшу керек деген ұстанымдағы Сайт Халиф, Мырза Қазым Бек, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов сияқты ғалымдармен қатар П.М.Мелиоранский, Н.И.Илминский, С.Е.Малов сияқты орыс ғалымдарының да пікірлері айтылған еді. 1926 жылы 26-ақпан мен 6-наурыз аралығында өткен Баку түркология конгресіндегі негізгі қарастырылған мәселелердің ең басында осы жазу мәселесі тұрған еді. Араб жазуын жетілдіру арқылы қолдануды құптаған Әлімжан Ибрагим, Ахмет Байтұрсынов пен аздаған мұсылман дінбасылар болғандығына қарамастан басым көпшіліктің қолдауымен латын жазуына көшу жөнінде қарар алынады. Латын әліпбиі негізінде ортақ жазу нұсқасы қабылданады. Бұл шешім негізінде қолданылған латын жазуының ғұмыры тым қысқа болды. 1938 жылдың 22-маусынында совет одағының жоғары кеңесінен шыққан шешім негізінде 1939 жылы Азербайжандар, татарлар, якуттар, хакастар 1940 жылы қазақтар, қырғыздар, башқұрттар, қарақалпақтар, өзбектер 1943 жылы тувалар 1957 жылы гагауыздар кирилл жазуына өтеді.

Латын жазуының ең көне мәтіндері б.з.б. VII-VI ғасырлардан бастау алады. Латын жазуы грек жазуынан алынғандығы жөніндегі ғалымдар пікірі басымдыққа ие. Латын жазуын түркілер XIV ғасырдың басында қыпшақ тіліндегі Кодекус Куманикустан бастау алады [14] Мажар Жоханн Шилдбергердің (Johann Schildtberger) Анкара соғысында Ақсақ Темірге тұтқынға түсіп кейін босап шыққан кезде жариялаған күнделігінде христиандар татарлардың татар тіліндегі мәтін дұғаларын жазып қалдырған еді. Кейіннен еуропалықтардың Осман империясына қатысты жазбалары мен түрік тілін үйретуге қатысты еңбектері көптеп жазыла бастады. Баку түркология конгресінен кейін түркі текті халықтардың латын әліпбиін қолдана бастау өз елдерінде көптеген әдеби шығармалар мен оқулықтар, газет журналдар шығаруына ықпал етті. Осылайша латын жазуымен жазуланған еңбектер саны артты.

Түркі текті халықтардың ішінде Түркиядан кейін 1991 жылдан бастап егемендік алған түркі текті халықтардың ішінде латын жазуына өту мәселесі өткір қойылып келеді. Қазіргі таңда Азербайжан, Түрменстан, Өзбекстан латын

әліпбиіне өтті. Қазақстан латын әліпбиіне өтуді бірнеше кезеңге бөліп латын әліпбиіне өту бойынша жұмыстарын жалғастырып келеді.

Қорытынды

Қорыта айтар болсақ түркі текті халықтар жазу сызу өнеріне деген ынтасы сонау тас дәуірінен бастау алғанмен нақты жүйелі жазу тарихы өздерінің төл туындысы боп саналатын көне түрік бітіг жазуынан бастау алады. Кейіннен тарихтың көптеген түрлі ықпалы негізінде түрлі мәдениеттермен кроссмәдени байланыстар құрып, көптеген жазу жүйелерін қолданған. Бұл түрік мәдениетінің жаңалыққа ашықтығын, мәдениетті қорғауға деген ынта жігерінен туғандығы анық. Әлемнің түрлі елдерінде пайда болып, бірақ жергілікті билік тарапынан құдалауға ұшырап түркілер арасына барып пана тапқан, әлемге жайылған манихей жазуы мен діні, будда діні сияқты мысалдар келтіре аламыз. Дала көшпелілерінің ең белді өкілі түркі халықтары адамзат мәдениетінің жетістіктерінің сақталуы мен оның дамуына өздерінше атсалысып, бұл мәдениет жетістіктерінің түрлі халықтар арасында таралуына өз үлестерін қосқанын келтірілген жазу тарихы мысалдары арқылы анықтап беруге тырыстық. Жазу мәдениеті сияқты мәдениеттің өте нәзік те күрделі құбылыстарын түрлі кезеңдерде түрлі нұсқада бойына сіңірген түркі текті халықтардың әлем жазу мәдениетіне қосқан үлесі үлкен. Еуразия құрлығының көп бөлігіне таралған көне түрік бітіг жазулы ескерткіштер, көне ұйғыр жазуымен жазылған көптеген шығармалар, діни мәтіндер, араб жазуымен жазылған ғылыми, әдебие, тарихи шығармалар, құқықтық қолжазбалар көне түрік жазу мәдениетінің әлем мәдениетіндегі орнын айқындайтын мұралар.

Әдебиет

1. Гельб И. Е. Опыт изучения письма (Основы грамматиологии) / пер. с англ. Л. С. Горбовицкой, И. М. Дунаевской; ред. и предисл. И. М. Дьяконова. – Москва: Радуга, 1982. – 366 с.
2. Coulmas F. Encyclopedia of Writing Systems by Florian Coulmas. – Wiley-Blackwell, 2006. – 603 p.
3. Иоганнес Ф. История письма. – М: ГРВЛ, 1979. 464 с.
4. Лоукотка Ч. Развитие письма. – М: Издательство иностранной литературы, 1950. – 319 с.
5. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2010. – 368 с.
6. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. 359 б.

7. Молдабай Т. Көне түрік таңбалар мен идеограммалардың семантикалық түрленуі және түрік бітіг жазуының дамуы. // Хабаршы. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің ғылыми журналы. – 2016. – № 3. 114-120 бб.
8. Шаймердинова Н.Г., Молдабай Т. Происхождение и функционирование рунической письменности. – Астана: Alau Group & Co. , 2017. – 145 с.
9. Молдабай Т. Жазба мәтіндер негізінде көне ұйғыр әліпбиінің қолданылуындағы еркешеліктер. // Turkic Studies Journal. – 2021. – № 4. – 44-52 бб.
10. Клоссон Г. Происхождение тюркского рунического алфавита. // Зарубежная тюркология. Вып. II. – 1986. – С. 136-157.
11. Lundyshcheva O., Maue D., Wille K. Miscellanea in the Brāhmī Script from the Berezovsky and Krotkov Collections (IOM, RAS) with an Appendix // Written Monuments of the Orient. – 2021. – № 1(13). – P. 3-70.
12. Turanskaya A. Newly Discovered Dunhuang Fragments of "Śatasāhasrikā Prajnāpāramitā" in the Collection of the IOM, RAS. // Written Monuments of the Orient. – 2020. – №1(11). – P. 88-102.
13. Шаймердинова Н.Г., Молдабай Т. және басқалар. Қыпшақтар: тарих пен тіл (армян-қыпшақ ескерткіштері негізінде). – Астана: Сарыарқа, 2014. – 228 б.
14. Hatice Ş.U. Başlangıcından günümüze türk yazı sistemleri. – Ankara: Akçay Yay, 2006. – 408 s.

ПЕРИОД РАЗВИТИЯ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО ЯЗЫКА И ЕГО ИСТОЧНИКИ

Шокирова Х.Н.

*Центр повышения квалификации учителей
Ферганской области по новым методикам
Фергана, Узбекистан*

Аннотация. В данной статье представлены сведения о древних тюркских языках, их истории, развитии, источниках, сохранившихся в письменных памятниках разных тюркских народов.

Ключевые слова: язык баба, алтайский язык, могульский язык, тунгусский язык, тюркская языковая группа, восточно-тюркские языки, западно-тюркские языки, тунгусо-маньчжурские языки, древнейший тюркский язык, гуннская эпоха, древнетюркский язык.

Abstract. This article presents information about the ancient Turkic languages, their history, development, sources preserved in the written monuments of various Turkic peoples.

Keywords: Baba language, Altaic language, Mogul language, Tungus language, Turkic language group, Eastern Turkic languages, Western Turkic languages, Tungus-